Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының әдіскері Г Бейсеноваға

**№28Абылай хан атындағы жалпы орта мектебінің кәмелетке толмағандар арасында өзіне-өзі қол жұмсау фактілерінің алдын алу бойынша атқарылған жұмыстарының мәліметі**

1. Оқушылардың әлеуметтік бейімделуінің қиындық себебтерін ,отбасы жағдайын,мінез-құлық әрекеттерін анықтау мақсатында «Бес терек «жобасы аясында келесі жұмыстар атқарылды,кабинеттік және далалық зерттеулер жүргізілді; «Менің отбасым» тақырыбында эссе алынды, Сынып жетекшілер әлеуметтік желілерге талдау жасады,оқушылардан сауалнама алынды, «Үй,адам,ағаш» әдістемесі алынды.
2. Тәуекел тобындағы блармен түзету дамыту жұмыстары жүргізілді:
3. Тренингтер,жаттығулар,ойындар,гимнастика,дыбыс жаттығулары,арттерапия,құм терапиясы,би терапиясы жүргізіліп отырды.

4. 2021 жылдың 15-22 қараша аралығында «*Үйлесімді қарым-қатынас – бала қауіпсіздігінің кепілі*» тақырыбында мектепте апталық өткізілді. Мақсаты – кәмелетке толмағандар арасында өзіне-өзі қол жұмсау фактілерінің алдын алу, ата-аналар мен педагогтарды жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктерімен (жас дағдарыстарымен) таныстыру, оқушылардың өмірге құштарлығын арттыру.Апталықта «Бақытты отбасы» тақырыбында шығармалар 5-11 сыныптар арасында алынды; «Бақытты балалық шақ» тақырыбында 5-8 сыныптар арасында суреттер байқауы өтті; «Мен сені сүйем өмір» тақырыбында 1-11 сыныптар арасында тренингтер мен жаттығулар өткізілді; «Өмірді сүю ғажап емес пе?» тақырыбында 9-11 сыныптар арасында дөңгелек үстел өткізілді; «Ата-анам –байлығым» тақырыбында ән фестивалі 6-8 сыныптар арасында өткізілді; «Мұғалім –оқушы»қарым –қатынасы және оның оқу – тәрбиесіндегі ықпалы» тақырыбында педагогикалық ұжыммен дебат өткізілді; «Үлгілі отбасы» тақырыбында 2-4 сыныптар арасында сайыс өткізілді; «Отбасы және бала психологиясы.Қарым-қатынас ерекшеліктері» тақырыбында ата-аналармен тренинг өткізілді.
5. Адами әлеуетті дамыту бөлімінің 2021 жыл 13 қараша күнгі №235-нк бұйрығымен мектепте «*Оқушылар арасында өзіне-өзі қол салу, зорлық-зомбылық пен әлімжеттік жағдайларының, ерте жүктіліктің алдын алу*» бойынша іс-шаралар өткізілді.
6. 2022 жылдың ақпан айында мектепте «*Балаларды кибербұзудан, жыныстық қылмыстан, қорқыныштан және өзіне-өзі қол салудан қорғау*» тақырыбында апталық өтті. Онда «Кибербуллинг және буллинг дегеніміз не?», «Жыныстық қылмыстың салдары?», «Қорқыныш және

Scanned with AnyScanner

одан арылу» тақырыптарында семинарлар, «Мен және менің мектебім», «Менің мектебімнің сыры», «Өмір – керемет!», «Мені қоршаған ортадағы ахуал?» тақытырптарында диктанттар, 5-11 сынып оқушылары арасында флешмобтар мен челленджер, «Кибербуллинг және буллингтің зияны», «Жыныстық қылмысқа итермейлейтін факторладың алдын алу», «Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» тақырыптарында ақпараттық түсіндірулер, «Мен бақыттымын», «Қылмыс жасау неден пайда болады?», «Қиянат жасамау деген не?» тақырыптарында дөңгелек үстелдер, «Менің іс-әрекетім?» тақырыбында дебат және өмірге құштарлықты арттыру, көңіл-күйді көтеру мақсатында тренингтер жүргізілді. Іс-шараларды өткізу барысында оқушылардың психологиялық жас ерекшеліктері ескерілді.

**Мектеп психологы:** **Д.Байбакова**

Scanned with AnyScanner